

Ақмола облысы
Бұланды ауданы
«Балдырған» бөбекжайы МКҚК

**Дефектологтың 2025-2026 оқу жылында
атқарылған жұмыс туралы есебі**

Дефектолог: Жаксалыкова А.С.
Жахина А. А.

2025-2026 оқу жылы

Мақсаты: ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілердің танымдық, сөйлеу, психикалық және әлеуметтік дамуын түзету арқылы олардың жан-жақты дамуына жағдай жасау.

2025-2026 оқу жылының басында түзету – дамыту жұмыстарын жүргізу мақсатында дефектологтың көмегін қажет ететін балалардың тізімі жасалып бекітілді, тізімге 11 бала кіргізілді, оқу жылының ортасында ПМПҚа қорытындысы бойынша 1 бала кіргізілді. 12 тәрбиеленушімен түзету-дамыту жұмыстары жүргізіліп тұрды.

1. Айтенов Алинур (ПДТ, I-II- деңгейлі СТЖД)
2. Манат Сұлтан (ПДТ, I-II деңгейлі СТЖД)
3. Қайыр Темірлан (ПДТ, I деңгейлі СТЖД)
4. Сабитова Данелия (ПДТ, I-II деңгейлі СТЖД сенсомоторлы алалия)
5. Жусупова Айша (ПДТ, I-II деңгейлі СТЖД)
6. Тюлюбаева Аяна (ПДТ, I деңгейлі СТЖД)
7. Жалелов Нурали (ПДТ, II деңгейлі СТЖД)
8. Ибраева Айя (ПДТ, I- II- деңгейлі СТЖД)
9. Жалғас Жазира (ПДТ, Сөйлеудің бұзылуы (импрессивті және экспрессивті сөйлеудің тежелісі, моторлы алалия))
10. Махаббат Хусейн (ПДТ, I-II деңгейлі СТЖД)
11. Бахытжан Оразәлі (ПДТ II- деңгейлі СТЖД)
12. Марат Амина (ПДТ, I- деңгейлі СТЖД)

Ерекше қажеттілікті бар балаларға психологиялық-педагогикалық бақылау және диагностика жүргізілді. Диагностика нәтижесінде балалардың даму ерекшеліктері анықталып, жеке түзету-дамыту бағдарламалары құрылды.

Диагностика барысында:

- зейін;
- есте сақтау;
- қабылдау;
- ойлау;
- сөйлеу тілі;
- ұсақ моторикасы;
- кеңістікті бағдарлау дағдылары қарастырылды.

Түзету-дамыту жұмыстары кесте бойынша аптасына 2 рет 15-20 минуттан жеке жұмыстар жүргізілді.

Түзету жұмысы барысында танымдық қабілеттерді дамыту, логикалық ойлау, қолдың ұсақ моторикасын, сенсорлық дамуын жетілдіру жұмыстары, зейінді тұрақтандыру бағытында жұмыстар ұйымдастырылды. Балалардың қабылдауын, зейінін, есте сақтауын, ойлау процестерін дамыту үшін арналған дидактикалық ойындар, нейроржаттығулар, саусақ жаттығулары мен дамытушы тапсырмалар қоланылды. Жоспар бойынша кеңестікте бағдарлау, түстерді айыра білу, жыл мезгілдерін ажырата білу, оң мен солды ажырута білу және т.б лексикалық тақырыптар бойынша жұмыстар жүргізілді.

Педагогтерге ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс жүргізу бойынша әдістемелік көмек көрсетілді: кеңестер берілді, ұсыныстар мен нұсқаулықтар таратылды. Ата-аналарға жеке кеңестер, әңгімелесу, ұсынымдар жұмыстары жүргізілді.

Мамыр айының 3 және 4 апталарында қорытынды диагностикалық тексеру нәтижелерін талдау барысында балалардың жоғары психикалық функциялардың дамуында тұрақты оң динамикасының болуын көрсетті.

2025-2026 оқу жылы бойы түзету жұмысының диагностика қорытындысы және ата-аналардың сұранысы бойынша қыркүйек-қазан айларында 9 тәрбиеленуші, мамыр айында 10 бала ПМПКа кеңесіне жіберілді.

Алдағы оқу жылында:

- түзету жұмыстарының сапасын арттыру;
- жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану;
- ата-аналармен байланысты күшейту;
- инклюзивті білім беруді дамыту бағытында жұмыстар жалғастырылады.